

**"Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің кезеңділігін белгілеу қағидаларын және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 30 маусымдағы № 438-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 шілдеде № 23363 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің кезеңділігін белгілеу қағидаларын және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18094 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген өлшем құралдарын салыстырып тексеруді жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің кезеңділігін белгілеу қағидаларында және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификат нысанында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлшем құралы иесінің (пайдаланушының), өлшем құралдарын дайындаушының, мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – өтініш берушілер) өтінімі негізінде жүргізіледі.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Өлшем құралдарын бастапқы, мерзімді және кезектен тыс салыстырып тексеру нәтижелерін ресімдеу өлшем құралдарының типін бекітуге арналған сынау және метрологиялық аттестаттау рәсімі кезінде ҚР МӨЖ тізілімінде тіркелген өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Салыстырып тексерудің оң нәтижелері өлшем құралына және (немесе) пайдалану құжаттамасының тиісті бөліміне басылатын салыстырып тексеру таңбасының бедерімен, сондай-ақ осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификатты берумен куәландырылады.

Өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың қолданылу мерзімі өлшем құралдарын салыстырып тексеру кезеңділігін есепке алып көрсетіледі.

Егер өлшем құралы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша қолдануға жарамсыз деп танылса, онда қолданыстағы салыстырып тексеру таңбасының бедері өшіріледі және пайдалану құжаттамасында тиісті жазба жасалады, қолданыстығы өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың күші жойылады және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолданысқа жарамсыздығы туралы хабарлама жазылады.";

өлшем құралдарын салыстырып тексеруді жүргізу, салыстырып тексерудің кезеңділігін белгілеу қағидаларына және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификат нысанына қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу  
, өлшем құралдарының салыстырып тексерудің  
кезеңділігін белгілеу қағидаларына және өлшем  
құралдарын салыстырып тексеру туралы  
сертификат  
нысанына 2-қосымша";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген өлшем құралдарын тексеру туралы сертификаттың нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция  
министрінің  
2021 жылғы 30 маусымдағы  
№ 438-НҚ  
бұйрығына 1-қосымша  
Өлшем құралдарын салыстырып  
тексеруді жүргізу, салыстырып  
тексерудің кезеңділігін белгілеу  
қағидаларына және өлшем  
құралдарын салыстырып тексеру  
туралы  
сертификат нысанына  
1-қосымша

**Өлшем құралдарын салыстырып тексеруге өтінім****Өтініш берушінің заңды мәртебесі\*:**

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Толық атауы	Есеп айырысу шоты	Банктік сәйкестендіру коды	Телефон нөмірі	Веб-сайт	Электрондық пошта мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7

**Басшы туралы мәліметтер\*:**

Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Ұялы телефон	Электрондық пошта мекенжайы
1	2	3	4	5	6	7

**Өтініш беруші туралы мәліметтер\*\*:**

Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ұялы телефон	Электрондық пошта мекенжайы
1	2	3	4	5	6

**Өлшеу құралы туралы мәліметтер:**

Өлшеу құралының атауы	Өлшеу құралының түрі	Өлшем құралдарын пайдаланушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі	Өлшем құралын пайдаланушының атауы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Өлшеу құралы пайдаланушысының мекен-жайы	Дайындалған ел	Дайындалған жылы	Саны
1	2	3	4	5	6	7	8

**Қосымша: пайдалану құжаттамасы**

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.

Өтініш берушінің қолтаңбасы: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің қолтаңбасы қол қойылған күні мен уақыты: \_\_\_\_.

Ескертпе:

\* деректерді заңды тұлғалар ұсынады;

\*\* деректерді жеке тұлғалар ұсынады.

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция  
министрінің  
2021 жылғы 30 маусымдағы  
№ 438-НҚ  
бұйрығына 2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 934  
бұйрығына қосымша  
Нысан

Аккредиттеу белгісі\*

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның салыстырып тексеру зертханасы бөлімшесінің атауы)

\_\_\_\_\_ (аккредиттеу аттестататының нөмірі)

№\*\* \_\_\_\_\_ сертификат

Салыстырып тексеру туралы \_\_\_\_\_

(өлшем құралының атауы)

Типі \_\_\_\_\_

зауыттық нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өлшем құралының өлшеу диапазоны)

Дайындаушы \_\_\_\_\_

Дайындау күні \_\_\_\_\_

Пайдаланушы \_\_\_\_\_

(жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

заңды тұлғалар үшін атауы және мекенжайы)

Салыстырып тексеру \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сәйкес

\_\_\_\_\_ (салыстырып тексеру әдістемесінің белгіленуі мен атауы)

\_\_\_\_\_ (шама бірлігі эталонының белгіленуі, зауыттық нөмірі, метрологиялық сипаттамалары)

шама бірліктерінің эталондарын пайдалана отырып жүргізілді.

Салыстырып тексеру нәтижелерінің негізінде өлшем құралы жарамды деп танылды және \_\_\_\_\_ сыныбы бойынша

\_\_\_\_\_ ретінде қолданысқа жіберілді.

Динамикалық бақылап тексеру коды (ДБК): \_\_\_\_\_

Салыстырып тексеру күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

Бөлім (зертхана) басшысы \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Салыстырып тексеруші \_\_\_\_\_

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Салыстырып тексеру таңбасының бедері \*\*\*

Ескертпе:

\* Аккредиттеу белгісін аккредиттеу жөніндегі орган ұсынады;

\*\*Өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың нөмірі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия

және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 215 бұйрығымен бекітілген, Салыстырып тексеруші таңбаларды дайындау, сақтау және қолдану Ережелеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9582 нөмірмен тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) берілген салыстырып тексеру зартханаларының шифрін, 2.42-2002 "ҚР МӨЖ. Өлшем түрлері. Жіктеу" ұлттық стандартына және сәйкес өлшем түрлерінің нөмірін және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың реттік нөмірін қамтиды;

\*\*\* Қағидаларға сәйкес екі еселік QR-коды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК